



«Жаңа білім беру бағдарламалары, инновациялар және құзыреттілік тәсілдері – сәтті мектепке қадам» Қазақстан Республикасының білім беру қызметкерлерінің тамыз педагогикалық кеңесі

ЖОБА

**«Балалар шығармашылығы әлемін ашамыз»
Қазақстан Республикасында балаларға қосымша білім беру жүйесін дамыту жөніндегі республикалық онлайн-конференцияның
ҰСЫНЫМДАМАЛАРЫ**

2015 жылғы 10 тамыз

On-line тәртібінде

«Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясын іске асыру жағдайында қосымша білім беру жүйесін дамытудың өзектілігі білім беру ұйымдарының балалар мен жастардың тұлғаларын рухани, ұлттық сәйкестендіру және әлеуметтендіруге бағытталу қажеттілігімен шартталады.

Қазақстанның индустриалды қоғамнан постиндустриалды ақпараттық қоғамға өту жағдайында адамға қосымша білім беру жүйесіне, оның әлеуметтенуіне және өскелең ұрпаққа қосымша білім беру мүмкіндіктерін кеңейту арқылы өзін өзі дамытуға талпынысы артуда.

Қосымша білім – бұл бірыңғай білім беру үдерісінің құрамдас бөлігі, мектептен тыс ұйымдары мен бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің оқыту бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жүзеге асырылады.

Балалардың, жасөспірімдер мен жастардың тұлғалық және кәсіби өзін өзі анықтау жұмысы жүргізілетін, адамның дамуын және қызмет түрлерін еркін таңдау құқығын толық қамтамасыз ететін қосымша білімнің миссиясын ашық білім ретінде қоғамның жете түсіну қажеттілігі маңызды болуда.

Сондықтан адам капиталына инвестиция салу – балалар мен жастардың шығармашылық мүмкіндіктерін кеңейту, оларды өз өздерін табысты жүзеге асыруға тарту мұндай инвестициялау үшін маңызды мүмкіндік және тиімді технология сияқты Қосымша білім беруді дамыту стратегиясының орталық элементіне айналуы тиіс.

Конференция жұмысының барысында Қазақстан Республикасында балаларға қосымша білім беруді дамытудың стратегиялық тәсілдерінің жобасы жан-жақты талқыланды және стратегиялық міндеттері анықталды:

- балаларға қосымша білім беру жүйесінің заманауи инфраинфраструктурасын құру және материалдық-техникалық базасын нығайту;

- Ұлт жоспарын - 100 нақты қадам және «Мәңгілік Ел» идеясын іске асыру мәнмәтінінде қосымша білімнің мазмұнын, ұйымдастыру нысандарын және технологияларын жетілдіру есебінен балаларға қосымша білім берудің сапасын, тиімділігін қамтамасыз ету;

- барлық деңгейдегі білім алу қажеттіліктерін толық қанағаттандыру және олардың сабақтастығын қамтамасыз ету үшін білім беру қызметтерінің желісін кеңейту.

Конференцияның қорытындысы бойынша қатысушылар Қазақстан Республикасында балаларға қосымша білім беруді дамытудың стратегиялық тәсілдерінің жобасын құптады және келесі ұсынымдарды қабылдады.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі:

1. Қазақстан Республикасында балаларға қосымша білім беруді дамытудың стратегиялық тәсілдерінің жобасын педагогикалық, ата-аналар қоғамдастығы арасында талқылауды жалғастырсын және 2015 жылдың соңына дейін министрдің бұйрығымен бекітсін.

2. Жыл сайын:

- инновациялық жобаларды, заманауи білім бағдарламаларын және оқыту технологияларын енгізетін балаларға қосымша білім беру ұйымдарын, талантты балалар мен педагогтерді қосымша қолдау мақсатында республикалық байқаулар, жарыстар өткізуге;

- балаларға қосымша білім беруде ақпараттық технологияларды тиімді қолдану саласында инновациялық қызметтер орындау, әдістемелік және технологиялық жетістіктерге жету үшін білім беру ұйымдарының педагог кадрларының және басқа қызметкерлердің біліктілігін арттыруға **мемлекеттік тапсырысты қамтамасыз етсін.**

3. Балаларға қосымша білім беру жүйесінің тәрбиелік әлеуетін күшейтетін және тұлғаның рухани-адамгершілік қасиеттерін дамытуға жұмылдырылған әлеуметтік бағытталған заманауи бағдарламалармен білім беру ұйымдарын қамтамасыз етсін.

4. Инновациялық ғылыми үдерістерге, технологияларға, құрастырушылықты, өнертапқыштықты және ғылыми-техникалық шығармашылықты дамытуға бағытталған жаңа буын бағдарламаларын әзірлесін.

5. Балаларға қосымша білім беру жүйесінің ведомствоаралық сипатын, қосымша білімнің қолжетімділігін қамтамасыз ететін мүдделі органдар мен ұйымдардың күштерін үйлестіруді қамтамасыз етсін.

6. Балаларға қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдар басшыларының ведомствоаралық үйлестіру кеңесі туралы ережені жаңартсын.

7. Балалардың ғылыми-техникалық шығармашылығының қосымша білім бағдарламаларын іске асыру бойынша Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласындағы Техникалық шығармашылық орталығының, Қарағанды облысы Сарань қаласындағы Жас техниктер станциясының, Павлодар қаласындағы Балалар техникалық мектебінің қосымша білім педагогі А.В. Мануковскийдің үздік тәжірибесін қолдасын және енгізуге ұсынсын.

8. Туристік-өлкетану бағытындағы қосымша білім ұйымдарының қызметін үйлестіру бойынша Батыс Қазақстан облысының балалар-жасөспірімдер туризмі және экология орталығының үздік тәжірибесін қолдасын және енгізуге ұсынсын.

9. Үздіксіз білім жүйесінің маңызды құрамдас бөлігі ретінде балаларға қосымша білім беруді дамыту үшін жағдайлар жасау бойынша Павлодар облысы Білім басқармасы қызметінің тәжірибесін зерделесін және жинақтасын.

10. ҚР БҒМ-нің және «РҚББОӨО» РМҚК-ның ресми Интернет-сайттарында online конференция материалдарын орналастырсын.

Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының білім басқармалары:

1. Қазақстан Республикасында балалар мен жастардың ғылыми-техникалық шығармашылығы жүйесін 2015-2018 жылдарда дамытудың іс-шаралар жоспарын, Қазақстан Республикасында балалар-жасөспірімдер туризмін 2015-2018 жылдары дамытудың тұжырымдамалық тәсілдерін жүзеге асыру мақсатында қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдардың қызметін ақпараттық, нормативтік құқықтық, материалдық-техникалық және бағдарламалық-әдістемелік қамтамасыз етсін.

2. Қосымша және орта білім беру жүйесін кіріктіру арқылы балаларды қосымша біліммен қамтуды ұлғайтсын.

3. Балаларға қосымша білім беру жүйесінің заманауи инфрақұрылымын жасау, әлеуметтік серіктестікті дамыту тетіктерін енгізу жолдары арқылы материалдық-техникалық базаны нығайту бойынша жұмысты жалғастырсын.

4. Балаларға, әсіресе ауылдық жерлерде, тегін қосымша білім беру басымдығын сақтау.

5. Балалардың ғылыми-техникалық шығармашылығының қосымша білім бағдарламаларын іске асыру бойынша Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласындағы Техникалық шығармашылық орталығының, Қарағанды облысы Сарань қаласындағы Жас техниктер станциясының, Павлодар

қаласындағы Балалар техникалық мектебінің қосымша білім педагогі А.В. Мануковскийдің, туристік-өлкетану бағытындағы қосымша білім ұйымдарының қызметін үйлестіру бойынша Батыс Қазақстан облысының балалар-жасөспірімдер туризмі және экология орталығының үздік тәжірибесін енгізсін.

Балаларға қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын қосымша және жалпы орта білім беру ұйымдары:

1. Қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыру үшін балалардың қажеттіліктері мен қызығушылықтарын анықтау бойынша жүйелі мониторингті қамтамасыз етсін.

2. Қазақстан Республикасында балаларға қосымша білім беруді дамытудың стратегиялық тәсілдерінің жобасын ұжымдарда талқылауды ұйымдастырсын және Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығына 2015 жылғы 5 қыркүйекке дейін ұсыныстар жолдасын.

3. Қосымша білім беру ұйымдарының басқа білім ұйымдарының түрлерімен желілік өзара әрекеттесуін дамыту. Қосымша білім қызметтерімен балаларды қамтуды ұлғайтсын.

4. Жаңа педагогикалық технологиялар қолдану арқылы қосымша білім бойынша өткізілетін сабақтардың сапасын қамтамасыз етсін.

5. Педагогтердің біліктілік арттыру курстарына қатысуын қамтамасыз етсін.

6. Оқу-тәрбие үдерісіне жаңа технологиялар енгізсін, оның ішінде ақпараттық, телекоммуникациялық, шығармашылықты дамыту технологиялары қолданылсын.

7. Қосымша білім беру ұйымдары сайттарының жұмысын қамтамасыз етсін.

8. Жасөспірімдердің кәсіби өзін өзі анықтауына ықпал ететін жағдайлар жасау үшін бейіналды оқытуды дамыту.

9. Қосымша білім берудің икемділігін және вариативті сипатын қамтамасыз ететін әлеуметтік бағытталған инновациялық білім беру бағдарламаларын әзірлеуді жалғастырсын.